



Қостанай облысы әкімдігі
білім басқармасының
"Рудный қаласы білім
бөлімінің" №15
балабақшасы" КМҚК

Мырхиева Эльфира Сермаханбетовна



дене тәрбиесі арқылы балалар:

- негізгі қимыл түрлерін (жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу) меңгереді;
- қозғалысқа қызығушылық пен белсенділікті арттырады;
- дұрыс тыныс алу, тепе-теңдікті сақтау дағдыларын дамытады;
- ұжымда ойнау, ережені сақтау, тәртіпке үйренеді.




ҰІӘ: "Шығармашылық"

Шығармашылық арқылы балалар:

- сурет салу, жапсыру, мүсіндеу барысында өз қиялын дамытады;
- түстерді, пішіндерді ажыратып, үйлестіріп үйренеді;
- ұсақ қол моторикасын жетілдіреді;
- дербес шешім қабылдауға, өз еңбегін бағалауға дағдыланады;
- әсемдікке, ұқыптылыққа тәрбиеленеді.



Жапсыру – балалардың қағаз, түрлі-түсті материалдармен жұмыс істеу арқылы ұсақ қол моторикасын, шығармашылық қабілетін, эстетикалық талғамын дамытуға бағытталған бейнелеу іс-әрекетінің түрі.





Қимылдық ойын – балалардың қозғалыс белсенділігін арттыруға, дене қабілеттерін (ептілік, жылдамдық, төзімділік), қимыл үйлесімділігін және ұжымда әрекет ету дағдыларын дамытуға бағытталған ойын түрі.



Ертегі сахналау – балалардың сөйлеу тілін, қиялын, шығармашылық қабілетін және эмоциялық-әлеуметтік дамуын жетілдіруге бағытталған театрландырылған іс-әрекет түрі.



Ертегі сахналау барысында балалар:

- кейіпкерлердің рөлін сомдап, сөзді анық, мәнерлеп айтуға үйренеді;
- қимыл-қозғалыс, мимика, дауыс ырғағын қолданады;
- өзіне сенімділік пен батылдықты қалыптастырады;
- ұжымда бірлесіп әрекет етуге, бірін-бірі тыңдауға дағдыланады;
- жақсы мен жаманды ажыратуды, адамгершілік қасиеттерді меңгереді.